Бекітемін:
Мектеп-лицей директоры: Л.Ө.Құлмаханбет

Мектепішілік ата – аналар жиналысының жұмыс жоспары
2025-2026 оқу жылы

№	Жүргізілетін жұмыстар	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
I отырыс	**Жана оқу жылының басталуы** **Тақырыбы: Бала тәрбиесі баршамызға ортақ»** **Күн тәртібіндегі мәселелер:** 1.2025-2026 оқу жылының мақсат, міндеттерімен таныстыру «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын таныстыру» 2.Ата аналар комитетін сайлау 3.Оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың ,өз-өзіне қол жұмсауды болдырмаудың алдын алу шаралары туралы 4. Мектептің ішкі тәртіп ережесі мектеп ережесі тураы ата-аналарға түсіндіру Мектеп формасы туралы	Хаттама	Мектеп-лицей директоры: Л.Құлмаханбет ДТЖЖО: А.Есенбаева, С. Динасилов, Г.Ахатова Педагог-психолог: Ф.Жумабаева Ата-аналар кеңесінің төрағасы: С.Лаханов	04.09.2025ж
II отырыс	**Тақырыбы: «Тәртіп бұзушылықтар және олардың салдары»** **Күн тәртібіндегі мәселелер:** 1. «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алудағы отбасының рөлі» баяндама.	хаттама	Мектеп-лицей директоры: Л.Құлмаханбет ДТЖЖО: А.Есенбаева, С. Динасилов, Г.Ахатова	06.11.2025ж

	2. «Салауатты өмір салтының құрылымы», Нашақорлық, есірткі проблемасы және оны алдын алу. Отбасындағы адамгершілік тәрбиесі. 3. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу. Құқық бұзушылық үшін ата-аналар мен жасөспірімдердің жауапкершілігі. 4. "Зорлық – зомбылықтың алдын алу. Отбасы, мектеп, қоғам мәселесі" 5. 2025-2026 оқу жылының 1-тоқсан қорытындысы. Директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары		Педагог-психолог: Ф.Жумабаева Ата-аналар кеңесінің төрағасы: С.Лаханов	
III отырыс	**Тақырыбы: «Тәрбиенің ең тамаша мектебі - отбасы»** **Күн тәртібіндегі мәселелер:** 1.«Баланың қауіпіздігі маңызды» (түнгі рейд, құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша) 2.«Суицидті және жағымсыз ағымдарды насихаттайтын әлеуметтік желілердің, интернет қауымдастықтардың алдын алу жұмыстары туралы ақпарат 3. 2025-2026 оқу жылындағы есепке алу санатына жататын (аз қамтылған, көп балалы,қолайсыз, жетім балалар және жартылай жетім қалған балалар) баланың отбасындағы өзара қарым-қатынастарды анықтауды ескере отырып рейдтік жұмыстардың өткізілуі	хаттама	Мектеп-лицей директоры: Л.Құлмаханбет ДТЖЖО: А.Есенбаева, С. Динасилов, Г.Ахатова Педагог-психолог: Ф.Жумабаева Ата-аналар кеңесінің төрағасы: С.Лаханов	08.01.2026ж

IV отырыс	**Тақырыбы: «** **Күн тәртібіндегі мәселелер:** 1. «Әр отбасындағы бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» 2. «Оқушы қауіпсіздігіне байланысты жалпы ережелерді ата-аналарға кеңестер беру 3. «Зорлық-зомбылықтың, буллингтің алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы ақпарат	хаттама	Мектеп-лицей директоры: Л.Құлмаханбет ДТЖЖО: А.Есенбаева, С. Динасилов, Г.Ахатова Педагог-психолог: Ф.Жумабаева Ата-аналар кеңесінің төрағасы: С.Лаханов	27.03.2026ж
V отырыс	**Сабақтың аяқталуы** **Тақырыбы:** Жазғы каникул кезіндегі оқушылардың қауіпсіздігі мен демалысы» **Күн тәртібіндегі мәселелер:** 1. Оқу- тәрбие жұмысының қортындысы 2. «Жазғы лагерь жұмыстарының ұйымдастырылуы туралы 3.Жазғы демалыс уақытындағы оқушылардың қауіпсіздігі 4.Жаңа оқу жылындағы оқушылардың мектеп формасы 5. 9-11 бітіруші сыныптарда қорытынды емтихан т.б кезінде ата-аналардан ақша жиналмайтыны туралы таныстыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шаралар	хаттама	Мектеп-лицей директоры: Л.Құлмаханбет ДТЖЖО: А.Есенбаева, С. Динасилов, Г.Ахатова Педагог-психолог: Ф.Жумабаева Ата-аналар кеңесінің төрағасы: С.Лаханов	15.05.2026ж

ДТЖЖО: Г.Ахатова

«Шардара» мектеп-лицейінде өткізілген
мектепішілік жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы
№1

Тақырыбы: «Бала қауіпсіздігі – басты назарда»
Өткізілген күні: 04.09.2025 жыл
Жиналыс түрі: Жыл басындағы ата-аналар жиналысы
Қатысқандар: Мектеп директоры, тәрбие орынбасары, оқу оырнбасары, мектеп психологы, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер және ата-аналар (қатысқандар тізімі тіркелді)

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. 2025–2026 оқу жылындағы тәрбие бағыты: «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасымен таныстыру
(Құндылықтар жүйесі)
2.Мектептің ішкі тәртіп ережелері мен оқушы мінез-құлық кодексімен таныстыру
(Оқу үдерісіндегі тәртіп, сабаққа қатысу, рұқсатсыз себептер, телефон қолдану т.б.)
Білім алушылардың мектеп формасын сақтау мәдениеті және сыртқы келбетке қойылатын талаптар
(Біркелкі киіну тәртібі, шаш үлгісі, тазалық және т.б.)
3.Оқушылардың қауіпсіздігі мен құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары:
(Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу
Құқықтық тәрбие және түнгі уақыттағы бақылау
Төтенше жағдай нөмірлерін білу)
4.«Мектепке жол» республикалық акциясы аясында қолдау көрсету және әлеуметтік көмектер туралы ақпарат
(Әлеуметтік осал отбасыларды анықтау, ыстық тамақпен қамту, демеушілік көмек мәселелері)

Тыңдалды:
1.Мектеп-лицей директоры – Л.Құлмаханбет. Жиыналысты ашып беріп, жаңа оқу жылымен ата-аналарды құттықтады. 2025-2026 оқу жылының жоспарларымен таныстырып өтті.
2025–2026 оқу жылындағы тәрбие бағыты: «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасымен таныстырып өтті.
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңа оқу жылындағы тақырыптық бағыты – **«Адал азамат»** екендігін таныстырды.
Жыл бойы оқушылар арасында адалдық, әділдік, еңбекқорлық, патриотизм құндылықтары насихатталатынына тоқталды. Құндылықтарға негізделген сынып сағаттары, челленджер, жобалық жұмыстар, кездесулер өткізу жоспарланғанын, сол жоспар бойынша іс-шаралар жүзеге асыратынына тоқталды.
Ата-аналар бұл жұмыстарға серіктес ретінде тартылатыны және оқушыны отбасы тарапынан қолдау маңызды екендігі баса айтып өтті.
2. ДТЖЖО - Г.Ахатова. Мектептің ішкі тәртіп ережелері мен оқушы мінез-құлық кодексімен таныстырып өтті. Жаңа оқу жылында мектепішілік тәртіп ережелері мен оқушының мінез-құлық кодексіне тоқталып өтті. Атап айтқанда:
– Сабаққа себепсіз кешігу және келмеу мәселесі, ата-ананың міндетті түрде хабар

беру тәртібі;
– Ұялы телефондарды сабақ кезінде қолдануға тыйым салынатыны ескертілді;
– Мектеп мүлкін бүлдірмеу, қоғамдық тәртіпті сақтау міндеттелді;
– Әр оқушының қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін ұстануы талап етілетіні айтылды.
– **Сабаққа қатысу тәртібі:**Әрбір оқушы сабаққа уақытылы келіп, себепсіз кешігуге және келмеуге жол бермеуі тиіс. Егер оқушы қандай да бір себептен мектепке келе алмайтын болса, ата-анасы (немесе заңды өкілі) мектеп әкімшілігіне немесе сынып жетекшісіне алдын ала немесе сол күні тәртіптік шараларды тудырады.
– **Сабақ уақытында тәртіп сақтау:**Оқушы сабақ уақытында мұғалімнің нұсқауын тыңдап, білім алуға белсенді қатысуы керек. Әңгімелесу, басқа оқушыларға кедергі келтіру, рұқсатсыз орнынан тұру тәртіпке жат әрекет болып саналады.– **Ұялы телефон және гаджеттерді қолдану:**
Сабақ барысында ұялы телефонды, планшет немесе басқа да электронды құрылғыларды рұқсатсыз қолдануға тыйым салынады. Телефон тек ата-анамен байланыс қажет болған жағдайда үзіліс кезінде ғана қолданылуы мүмкін. Сабақ уақытында мұғалімнің келісімінсіз видео немесе фото түсіру де тәртіп бұзу болып есептеледі.
– **Мектеп мүлкін сақтау:**Мектептің оқу-құрал жабдықтары, жиһаздары, қабырғалар мен есіктері – барлығы ортақ меншік. Оларды бүлдірген немесе зақым келтірген оқушының ата-анасы материалдық жауапкершілікке тартылады. Оқушыларға мектеп аумағын таза ұстау және санитарлық талаптарды сақтау міндеттелді.
– **Қоғамдық тәртіп және мәдени мінез-құлық:**Мектеп ауласында, асханада, спорт залда, дәретханаларда оқушы өзін сыпайы, әдепті ұстауы тиіс. Басқа оқушыларға тіл тигізу, мазақтау, итеру, дөрекі сөйлеу немесе балағаттау – мінез-құлық ережесіне қайшы.
– **Қауіпсіздік ережелері:** Әрбір оқушы мектеп ішінде және сыртында қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы тиіс. Төтенше жағдайлар кезінде (өрт, жер сілкінісі, т.б.) эвакуация жоспарын білуі және нұсқауларға бағынуы қажет.
– **Оқушы беделі мен мектеп мәдениеті:**Әр оқушы мектептің ішкі ережесін сақтай отырып, өзін тәртіпті, жауапты азамат ретінде көрсете білуі керек. Мектеп беделі – оқушының мінез-құлқынан, тәртібінен көрінеді.

3. ДТІЖЖО-А.Есенбаева. Білім алушылардың мектеп формасын сақтау мәдениеті және сыртқы келбетке қойылатын талаптар бойынша тоқталып өтті. Сынып жетекшілер мен әкімшілік тарапынан оқушылардың мектеп формасына қатысты нақты талаптар түсіндірілді.
– Біркелкі мектеп формасын кию (ұлдар – қара шалбар мен көк пиджак, қыздар – көк белдемше мен ақ блузка);
– Шаш үлгісінің ұқыпты әрі мектепке лайық болуы (ашық түске боялған, ерекше сәнделген шашқа тыйым);
– Рюкзак пен аяқ киімнің тазалығы мен жарамдылығы;
– Артық аксессуарлар мен макияждың мектепке сай келмейтіні ескертілді.

4. ДТЖЖО- С.Динасилов. Оқушылардың қауіпсіздігі мен құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары бойынша жан-жақты айтып өтті.
– Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша ата-аналармен бірлескен жұмыс жүргізу қажеттілігі туралы тоқталып өтті.
– Оқушылардың түнгі уақытта қоғамдық орындарда заңсыз жүруіне тыйым салынатыны туралы түсіндіру нақты дәлелдермен келтіре отырып айтып өтті.
– Құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында құқық қорғау органдарымен кездесу жоспарлары т.б

– Төтенше жағдай нөмірлерін (101, 102, 103, 104) үйретіп, жаттату керектігі айтылды.

5. Әлеуметтік педагог- Р.Алимбекова. «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында қолдау көрсету және әлеуметтік көмектер туралы ақпарат беріп өтті.

– Аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға мектеп формасы, оқу құралдары және ыстық тамақпен қамту қарастырылған;
– Демеушілердің көмегімен жүргізілетін жұмыстар туралы айтылып, ата-аналар арасында қажет отбасылар анықталуда;
– Ата-аналарға осы бағытта шынайы ақпарат беру және дер кезінде мектепке хабарлау қажеттілігі ескертілді.

Қаулы етеді:

1. «Адал азамат» бағыты аясында өтетін тәрбие жұмыстарына ата-аналар белсенді қатыстырылсын.
2. Барлық ата-аналар балаларына ішкі тәртіп ережелері мен мінез-құлық нормаларын сақтауын қадағалайды.
3. Оқушылар мектеп формасы мен сыртқы келбетке қойылатын талаптарды күнделікті сақтауы тиіс.
4. Буллинг пен құқықбұзушылықтың алдын алу үшін ата-ана – мектеп – оқушы ынтымақтастығы күшейтілсін.
5. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасылар туралы деректер толықтырылып, мектепке хабарлау жалғасады.

Жиналыс төрайымы: **Л.Ө.Құлмаханбет**

Хатшы: **Г.Ахатова**

«Шардара» мектеп-лицейінде өткізілген
мектепішілік жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы
№1

Тақырыбы: «Бала қауіпсіздігі – басты назарда»
Өткізілген күні: 04.09.2025 жыл
Жиналыс түрі: Жыл басындағы ата-аналар жиналысы
Қатысқандар: Мектеп директоры, тәрбие орынбасары, оқу оырибасары, мектеп психологы, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер және ата-аналар (қатысқандар тізімі тіркелді)

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. 2025–2026 оқу жылындағы тәрбие бағыты: «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасымен таныстыру
(Құндылықтар жүйесі)
2.Мектептің ішкі тәртіп ережелері мен оқушы мінез-құлық кодексімен таныстыру
(Оқу үдерісіндегі тәртіп, сабаққа қатысу, рұқсатсыз себептер, телефон қолдану т.б.)
Білім алушылардың мектеп формасын сақтау мәдениеті және сыртқы келбетке қойылатын талаптар
(Біркелкі киіну тәртібі, шаш үлгісі, тазалық және т.б.)
3.Оқушылардың қауіпсіздігі мен құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары:
(Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу
Құқықтық тәрбие және түнгі уақыттағы бақылау
Төтенше жағдай нөмірлерін білу)
4.«Мектепке жол» республикалық акциясы аясында қолдау көрсету және әлеуметтік көмектер туралы ақпарат
(Әлеуметтік осал отбасыларды анықтау, ыстық тамақпен қамту, демеушілік көмек мәселелері)
5. «Жас жеткіншектің жауапты тұлғасы ата-анасы»

Тыңдалды:

1.Мектеп-лицей директоры – Л.Құлмаханбет. Жиыналысты ашып беріп, жаңа оқу жылымен ата-аналарды құттықтады. 2025-2026 оқу жылының жоспарларымен таныстырып өтті.

2025–2026 оқу жылындағы тәрбие бағыты: «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасымен таныстырып өтті.
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңа оқу жылындағы тақырыптық бағыты – **«Адал азамат»** екендігін таныстырды.
Жыл бойы оқушылар арасында адалдық, әділдік, еңбекқорлық, патриотизм құндылықтары насихатталатынына тоқталды. Құндылықтарға негізделген сынып сағаттары, челленджер, жобалық жұмыстар, кездесулер өткізу жоспарланғанын, сол жоспар бойынша іс-шаралар жүзеге асыратынына тоқталды.
Ата-аналар бұл жұмыстарға серіктес ретінде тартылатыны және оқушыны отбасы тарапынан қолдау маңызды екендігі баса айтып өтті.
2. ДТЖЖО - Г.Ахатова. Мектептің ішкі тәртіп ережелері мен оқушы мінез-құлық кодексімен таныстырып өтті. Жаңа оқу жылында мектепішілік тәртіп ережелері мен оқушының мінез-құлық кодексіне тоқталып өтті. Атап айтқанда:
– Сабаққа себепсіз кешігу және келмеу мәселесі, ата-ананың міндетті түрде хабар беру тәртібі;
– Ұялы телефондарды сабақ кезінде қолдануға тыйым салынатыны ескертілді;

– Мектеп мүлкін бүлдірмеу, қоғамдық тәртіпті сақтау міндеттелді;
– Әр оқушының қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін ұстануы талап етілетіні айтылды.
– **Сабаққа қатысу тәртібі:** Әрбір оқушы сабаққа уақытылы келіп, себепсіз кешігуге және келмеуге жол бермеуі тиіс. Егер оқушы қандай да бір себеппен мектепке келе алмайтын болса, ата-анасы (немесе заңды өкілі) мектеп әкімшілігіне немесе сынып жетекшісіне алдын ала немесе сол күні таңертең хабарлауы қажет. Үш күннен астам себепсіз қалу – ескерту және тәртіптік шараларды тудырады.
– **Сабақ уақытында тәртіп сақтау:** Оқушы сабақ уақытында мұғалімнің нұсқауын тыңдап, білім алуға белсенді қатысуы керек. Өңгімелесу, басқа оқушыларға кедергі келтіру, рұқсатсыз орнынан тұру тәртіпке жат әрекет болып саналады.– **Ұялы телефон және гаджеттерді қолдану:**
Сабақ барысында ұялы телефонды, планшет немесе басқа да электронды құрылғыларды рұқсатсыз қолдануға тыйым салынады. Телефон тек ата-анамен байланыс қажет болған жағдайда үзіліс кезінде ғана қолданылуы мүмкін. Сабақ уақытында мұғалімнің келісімінсіз видео немесе фото түсіру де тәртіп бұзу болып есептеледі.
– **Мектеп мүлкін сақтау:** Мектептің оқу-құрал жабдықтары, жиһаздары, кабырғалар мен есіктері – барлығы ортақ меншік. Оларды бүлдірген немесе зақым келтірген оқушының ата-анасы материалдық жауапкершілікке тартылады. Оқушыларға мектеп аумағын таза ұстау және санитарлық талаптарды сақтау міндеттелді.
– **Қоғамдық тәртіп және мәдени мінез-құлық:** Мектеп ауласында, асханада, спорт залда, дәретханаларда оқушы өзін сыпайы, әдепті ұстауы тиіс. Басқа оқушыларға тіл тигізу, мазақтау, итеру, дөрекі сөйлеу немесе балағаттау – мінез-құлық ережесіне қайшы.
– **Қауіпсіздік ережелері:** Әрбір оқушы мектеп ішінде және сыртында қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы тиіс. Төтенше жағдайлар кезінде (өрт, жер сілкінісі, т.б.) эвакуация жоспарын білуі және нұсқауларға бағынуы қажет.
– **Оқушы беделі мен мектеп мәдениеті:** Әр оқушы мектептің ішкі ережесін сақтай отырып, өзін тәртіпті, жауапты азамат ретінде көрсете білуі керек. Мектеп беделі – оқушының мінез-құлқынан, тәртібінен көрінеді.

3. ДТІЖЖО-А.Есенбаева. Білім алушылардың мектеп формасын сақтау мәдениеті және сырткы келбетке қойылатын талаптар бойынша тоқталып өтті. Сынып жетекшілер мен әкімшілік тарапынан оқушылардың мектеп формасына қатысты нақты талаптар түсіндірілді.
– Біркелкі мектеп формасын кию (ұлдар – қара шалбар мен көк пиджак, қыздар – көк белдемше мен ақ блузка);
– Шаш үлгісінің ұқыпты әрі мектепке лайық болуы (ашық түске боялған, ерекше сәнделген шашқа тыйым);
– Рюкзак пен аяқ киімнің тазалығы мен жарамдылығы;
– Артық аксессуарлар мен макияждың мектепке сай келмейтіні ескертілді.

4. ДТЖЖО- С.Динасилов. Оқушылардың қауіпсіздігі мен құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары бойынша жан-жақты айтып өтті.
– Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша ата-аналармен бірлескен жұмыс жүргізу қажеттілігі туралы тоқталып өтті.
– Оқушылардың түнгі уақытта қоғамдық орындарда заңсыз жүруіне тыйым салынатыны туралы түсіндіру нақты дәлелдермен келтіре отырып айтып өтті.
– Құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында құқық қорғау органдарымен кездесу жоспарлары т.б
– Төтенше жағдай нөмірлерін (101, 102, 103, 104) үйретіп, жаттату керектігі айтылды.

5. **Әлеуметтік педагог- Р.Алимбекова. «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында қолдау көрсету және әлеуметтік көмектер туралы ақпарат беріп өтті.**

– Аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға мектеп формасы, оқу құралдары және ыстық тамақпен қамту қарастырылған;

– Демеушілердің көмегімен жүргізілетін жұмыстар туралы айтылып, ата-аналар арасында қажет отбасылар анықталуда;

– Ата-аналарға осы бағытта шынайы ақпарат беру және дер кезінде мектепке хабарлау қажеттілігі ескертілді.

6.**Педагог-психолог-А.Арын.** Жас жеткіншектің жауапты тұлғасы ата-анасы туралы баяндама оқып, ата-аналарға балаларын назардан тыс қалдырмай қадағалауларын айтып өтті. Балаларының көңіл күйінің болмауына салғырт қарамай дер кезінде көңіл бөлуін айтты. Сонымен қатар жыл бойы ынтымақпен бірлесіп жұмыс жасауға шақырды.

Қаулы етеді:

1. «Адал азамат» бағыты аясында өтетін тәрбие жұмыстарына ата-аналар белсенді қатыстырылсын.
2. Барлық ата-аналар балаларына ішкі тәртіп ережелері мен мінез-құлық нормаларын сақтауын қадағалайды.
3. Оқушылар мектеп формасы мен сыртқы келбетке қойылатын талаптарды күнделікті сақтауы тиіс.
4. Буллинг пен құқықбұзушылықтың алдын алу үшін ата-ана – мектеп – оқушы ынтымақтастығы күшейтілсін.
5. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасылар туралы деректер толықтырылып, мектепке хабарлау жалғасады.

Жиналыс төрайымы: **Л.Ө.Құлмаханбет**

Хатшы: **Г.Ахатова**

«Шардара» мектеп-лицейінде өткізілген
мектепішілік жалпы ата-аналар жиналысының
Хаттамасы №2

06 .11.2025ж

Шардара қаласы
Қатысқандар саны- 127
Шақырылғандар:
Мектеп-лицейдиректоры- Л.Ө.Құлмаханбет
Ж.Зияшқызы – Аудандық аналар кеңесінің төрайымы
С.Лаханов – «Шардара» мектеп-лицейінің жалпы ата-аналар кеңесі төрағасы
Тәрбие орынбасарлары мен педагог-психологтар, ата-аналар

Күн тәртібінде:

1. «Қауіпсіз балалық шақ» жобасымен таныстыру:
Мектеп-лицей директоры: Л.Ө.Құлмаханбет
2.«Ерте жүктіліктің алдын алу»
Баяндамашы: акушер-гениколог А.Ерболатқызы
3. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу.Құқықбұзушылық үшін ата-аналар мен жасөспірімдердің жауапкершілігі».
Баяндамашы: ДТЖЖО: Г.Ахатова
4.«Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу»
Баяндамашы: ДТЖЖО: М.Сретай
5.Ата-аналарды сергіту. Тренинг
Педагог-психолог: Ф.Жумабаева
6.Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1.Л.Ө.Құлмаханбет-мектеп-лицей директоры. Жиналысты ашып беріп, жиынға қатысушы ата-аналарға күн тәртібімен таныстырып өтті. Отбасы тұлғаны дамытатын кішігірім орта. Отбасының қоғамдағы мақсаты; баланы дамытып қана қоймай, оны өмірге дайындап, рухани жағынан жеткізіп, тұлға ретінде қалыптастыру. Отбасында баланың жан - жақты қалыптасуына ата - ана мен отбасы мүшелерінің қарым қатынасында махаббат, сүйіспеншілік, адамгершілік, қайырымдылық, әділдік, ұйымшылдық, мәдениеттік қасиеттері және т. б келбетін сақтайтын тұлға тәрбиелеуге керек екендігі бәрімізге аян. Сонымен қатар «Қауіпсіз балалық шақ» жобасымен таныстырып өтті. Жоба авторы Түркістан облысының прокуратурасы. Жобаның мақсаты балалар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың әлеуметтік және психологиялыққауіпсіздігін қамтамасыз ету, мінез құлқындағы ауытқушылықтарды ерте анықтап, оларды түзету үшін қажетті шараларды қабылдау. Бұл мақсатқа жету үшін балаларға құқықтық тәртіпті түсіндіру, оларды дұрыс тәрбиелеу, әлеуметтендіру және психологиялық көмек көрсету жұмыстары жүргізіледі. Мектеп инспекторы мен мектеп психологы бірлесе

отырып әр апта да оқушылармен құқықтық жұмыстарын жүргізеді. Сіздердің балаларыңыз қандай да көкейінде жүрген сұрақтары болса еркін қоюларын үй жағдайында айтып отыруларын айтты. Жобаға ата-аналардың да белсене қатысуға шақырды. Ягни құқықбұзушылық орын алмас үшін мектеппен тығыз байланыста болуын айтты. Бала баршамызға ортақ, сондықтанда бала тәрбиесіне салғырт қарамауымыз керек деп тоқталды.

2. Ж.Зияшқызы – Аудандық аналар кеңесінің төрайымы. Аудандық аналар кеңесінің төрайымы өз сөзінде халқымыз «Үяда не көрсең, соны ілерсің» дейді. Бала әрқашанда ата анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата ананы өмірдің тірегі санайды. Ата - ананың тіршілігіндегі көрген қызығы, жақсылығының ең бағалысы перзенті. Баланың бойында туған үйдің жылуы оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады. Отбасы бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол деді. Сонымен қатар бала естігеннен көрі, көргенін жасайды. Сіздер перзент алдындағы үлкен жауапкершіліктеріңізді ұмытпауларыңыз керек деді.

3.Аудандық акушер-гениколог: А.Ерболатқызы. Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы – бұл жыныстық тәрбие туралы білімінің жеткіліксіз болуы, не болмаса тәрбиенің мүлдем жоқтығы екендігі айтылып, көптеген отбасыларда бұл тақырыпқа әңгіме қозғалмай, жабық күйде қала беретіні алға тартылды. Негізінен, жоспарланбаған жүктіліктің 90% отбасындағы тәрбиеге және қарым-қатынасқа байланысты, ягни ана мен қыз баланың өзара қатынасы бұзылса, ерте жүктілік қаупі жоғарылайды.Сондықтан, жасөспірім жоспарланбаған жүктіліктен сақтанудың тәсілдері туралы ата-анасымен жиі әңгімелесуі керек. Жыныстық тәрбие туралы кітаптар оқу қажеттілігі де бар деді.

Жиынға қатысушыларға сауалнамалар қойылып, тест жауаптарына талдау жасалынды.

4.ДТЖЖО: М.Сретай. Мектебінде өткізілген қауіпсіздік ережелері туралы іс-шарадан слайд көрсетті. Сонымен қатар қауіпсіз ережелеріне тоқталып өтті яғни мектепте оқушы өзіне қауіп тудыратын жағдайларды білуі тиіс екендігін одан сақтану жолдарын айтып өтті.

5.Мектеп инспектор: Д.Танабай. Қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында оқу жылының басталғаннан мектептерде іс-шаралар атқарылады. Оқу жылының басында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жоспары жасалып, бекітіледі. Жоспарға сәйкес бекітілген іс-шаралар өткізіліп отырады. «Жасөспірім және қылмыс» тақырыбы бүгінгі күні маңызды болып саналады. Өкінішке орай кейбір жасөспірімдер қылмыс пен құқық бұзушылықтың арты неге әкеліп соғатынына аса мән бере қоймайды. Құқықтық мемлекетке қадам басқан шақта қоғамға сапалы адам қалыптастыру -мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі болса, ол міндетті іске асыруға басты мақсат жасөспірімдерді жаңа рухта, жаңа көзқараста тәрбиелеуден айқын көрінетіндігін айтып өтті.

6. Педагог-психолог: Ф.Жумабаева. Мына жасампаз ғасырда, жаһандану дәуірінде мектеп партасында отырған баланың жан - жақты білім алуына ең бірінші ықпал ететін - ұстаз болса, оның сүйеніші ата - ана. Сондықтан ата - ана өз баласының білім алуына барынша жағдай жасау тиіс. Бала тәуліктің бір бөлігінде, яғни 6 сағат мектепте болса, 18 сағат өз отбасында тәрбие алады.Сондықтан ұлдарыңыз бен қыздарыңыздың күндізігі, түнгі уақыттарда назардан тыс қалдырмауларын айтып өтті.
Жиналысқа қатысушы ата-аналарға сергіту сәтін жасады. Түрлі ойындар мен логикалық сұрақтар қоя отырып, ата-аналардың түпкі ойынан мәлімет алды. Ата-аналар ойынға бала ша қуана қатысып, көңілдері көтерілді.
7. Мектеп-лицей директоры: Л.Құлмаханбет. Жиыналысты қорытындылай келе, өз сөзінде бала тәрбиесі күрделі, әрі жауапты іс екендігін атап айтты. «Тәртіпке бағынған құл болмас, тәртіпсіз ел болмас»-деп Б.Момышұлы да айтып кеткен. Тәртіпке біздер де, сіздер де бағынумыз керек. Адамгершілік қасиет отбасы мүшелерінің бірін-бірі қадірлеуінен, олардың өзара бірлігі мен түсінушілігінен, ата-ана мен балалар арасындағы мейірімді қарым-қатынастың қалыптасуынан, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді толып жатқан жазылмаған заңдылықтар арқылы көрініс табады. Тәрбие ешқандай үзіліс дегенді білмейді. Ол тұрмыста, ойын үстінде, оқу, еңбек барысында барлық кезде жүре беретінін айтты.
Жиынға келген ата-аналарға рақметін айтып, мектеппен үнемі байланыста болуға шақырды.

Қаулы етеді:

1. «Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында жүйелі жұмыстар атқарылсын.

2. Ерте жастағы жүктіліктің алдын- алу бойынша жұмыстар жүйелі аткарылсын.

3. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүргізілсін.

4. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылыққа жол берілмеу жұмыстары жандандырылсын.

Жиналыс төрайымы: **Л.Ө.Құлмаханбет**

Хатшы: **Г. Ахатова**

«Шардара» мектеп-лицейінде өткізілген
мектепішілік жалпы ата-аналар жиналысының
№3 ХАТТАМАСЫ

2025–2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы»

Өткізілген күні: «08» қаңтар 2026 жыл
Өткізілген орны: «Шардара» мектеп-лицейі
Қатысқандар: мектеп-лицей директоры, тәрбиежәне оқу орынбасарлары, психологы, әлеуметтік педагогы, сынып жетекшілері, педагогтер, ата-аналар.
Қатысқан ата-аналар саны: _____ адам

КҮН ТӘРТІБІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. **«Баланың қауіпсіздігі маңызды»** – түнгі рейдтер және құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары туралы.
2. Суицидтің және жағымсыз ағымдарды насихаттайтын әлеуметтік желілер мен интернет-қауымдастықтардың алдын алу жұмыстары туралы ақпарат.
3. 2025–2026 оқу жылында есепке алу санатына жататын балалардың отбасындағы өзара қарым-қатынастарды анықтауды ескере отырып, рейдтік жұмыстарды ұйымдастыру туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша мектеп-лицей директоры **Л.Ө. Құлмаханбет,** оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында ата-аналардың жауапкершілігін арттырудың маңыздылығына тоқталды.

Ата-аналарға кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүруінің алдын алу, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бос уақытын тиімді ұйымдастыру және ата-ана бақылауын күшейту қажеттігі түсіндірілді.
Түнгі рейдтерді ұйымдастыру барысында мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері және тиісті мамандардың бірлескен жұмысының маңыздылығы айтылды.

1. Оқушылардың түнгі уақыттағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ата-аналармен түсіндіру жұмыстары күшейтілсін.
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында профилактикалық рейдтік жұмыстар жүйелі ұйымдастырылсын.
3. Ата-аналар балаларының бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және олардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарасын.

Екінші мәселе бойынша педагог-психолог **Ф. Жумабаева,** оқушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, суицидтік мінез-құлықтың және балаға кері әсер етуі мүмкін жағымсыз интернет-контенттің алдын алу бағытындағы жұмыстар туралы ақпарат берді.
Ата-аналарға балалардың интернетті және әлеуметтік желілерді пайдалануына назар аудару, олардың виртуалды ортасын қауіпсіз ұйымдастыру, баламен ашық әрі сенімді қарым-қатынас орнату қажеттігі түсіндірілді.
Баланың көңіл күйі мен мінез-құлқындағы елеулі өзгерістерге бейжай қарамай, қажет болған жағдайда мектеп психологіне немесе басқа да мамандарға жүгіну қажеттігі айтылды.

1. Оқушылардың интернет кеңістігін қауіпсіз пайдалану мәдениетін қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
2. Ата-аналар балаларының әлеуметтік желілерді пайдалануына жас ерекшелігіне сәйкес бақылау жасасын.
3. Педагог-психолог оқушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы профилактикалық жұмыстарды жалғастырсын.
4. Ата-аналар мен мектеп мамандары арасында өзара ақпарат алмасу және байланыс күшейтілсін.

Үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог – Мұсақұлова Қарлығаш, 2025–2026 оқу жылында ерекше назарды қажет ететін және есепке алу санатына жататын білім алушылармен жүргізілетін жұмыстар туралы ақпарат берді.

Атап айтқанда, аз қамтылған, көпбалалы, қолайсыз жағдайдағы, жетім және жартылай жетім балалардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын зерделеу, отбасындағы өзара қарым-қатынасты анықтау, балаға қажетті әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету мақсатында рейдтік жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері қаралды.

Отбасына бару кезінде баланың қауіпсіздігі, тұрмыс жағдайы, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас және білім алушыға көрсетілетін қолдау шаралары назарға алынатыны айтылды.

1. Ерекше назарды қажет ететін және есепке алу санатына жататын білім алушылардың әлеуметтік жағдайын зерделеу жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
2. Рейдтік жұмыстар кезінде баланың қауіпсіздігі мен отбасындағы психологиялық ахуалға ерекше назар аударылсын. Ата-аналар баланың қауіпсіздігі мең тәрбиесіне жауапкершілікпен қарап, мектеп мамандарымен ынтымақтастықта жұмыс жүргізсін.
3. Қажет болған жағдайда отбасыға әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қолдау көрсетілсін.
4. Сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог және педагог-психолог тиісті жұмыстарды бірлесе ұйымдастырсын.

Жалпы жиналыс қаулысы:

1. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жалғастырылсын.
2. Түнгі рейдтер белгіленген тәртіппен ұйымдастырылып, олардың нәтижелері бойынша тиісті жұмыстар жүргізілсін.
3. Оқушылардың интернет кеңістігін қауіпсіз пайдалануына, жағымсыз контенттен қорғалуына және психологиялық қауіпсіздігіне ата-аналар мен мектеп тарапынан бірлескен бақылау қамтамасыз етілсін.
4. Ерекше назарды қажет ететін білім алушылардың отбасылық және әлеуметтік жағдайын зерделеу бойынша рейдтік жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
5. Балалардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғауға бағытталған мектеп, ата-ана және тиісті мамандардың өзара ынтымақтастығы күшейтілсін.
6. Қаулының орындалуын бақылау мектеп-лицей әкімшілігіне жүктелсін.

Жиналыс төрайымы: _____ Л.Ө. Құлмаханбет

Хатшысы: _____ А.Г. Ахатова

«Шардара» мектеп-лицейінде
«Ата-аналарға тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы заңнамаларға түсіндірме беру жұмыстары» тақырыбында
ата-аналармен өткізілген жиналыстың
Хаттамасы №4

Шардара қаласы **13.03.2026ж**
Қатысқандар саны- 192
Қатысқандар:
«Шардара» мектеп-лицейінің директоры-Л.Ө.Құлмаханбет
Шардара АПБ ҚҚБ КТІЖ УПИ полиция капитаны – Г.Сабден;
«Шардара» мектеп-лицейінің жалпы ата-аналар кеңесі төрағасы- С.Лаханов
ДОЖЖО- Э.Кулиева
ДТЖЖО – Г.Т.Ахатова;
Педагог-психолог- Ф.З.Жумабаева
Сынып жетекшілер, ата-аналар.

Күн тәртібінде:

1. Ата-аналарға тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы заңнамаларға түсіндірме беру. Баяндамашы: АПБ ҚҚБ КТІЖ УПИ полиция капитаны – Г.Сабден;
2. «Тәрбие отбасынан басталады» Баяндамашы: ДТЖЖО; Г.Ахатова
3.«ҰБТ-ға бала психологиясын қалай дайындау керек». Баяндамашы: педагог-психолог; Ф.Жумабаева
4. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Л.Ө.Құлмаханбет –мектеп-лицей директоры. «Адамгершілікке тәрбиелеу құралы-еңбек пен ата-ана үлгісі» -деп, жиынды ашып беріп өз сөзінде балаларымыздың құқықтарын қорғау мәселесі қашан да өзекті , сондықтан да бала үшін бас ұстаз ата-ана, жақсы ата-ана бола білу аса жауапты іс! «Адам ұрпағымен мың жасайды» демекші, адамға нағыз бақытты – тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады, олай болса адам өмірінің мәні – өз ұрпағы яғни, баланы бірлесе отырып тәрбиелеуге шақырды.
2.Г.Сабден - АПБ ҚҚБ КТІЖ УПИ полиция капитаны . Ата-аналарға тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы заңнамаларға түсіндірме беріп өтті. Сонымен қатар қауіпсіздік ережелерімен таныстырып өтті. Балаларыңыздың өмір қауіпсіздігін сақтау сіздердің міндеттеріңіз деді. Балаларыңызды күндізде, түнде де назардан тыс қалдырмауларын айтты. Балаңызға тәрбиені өз уақытында бермесеңіз, соңы өкінішке әкелетіндігін айтты. Айтылған қауіпсіздік ережелін сақтап, оны балаларыңызға үй жағдайында айтып, орындауын қадағалап отырыңыздар деді.
Кәмелетке толмаған жасөспірімдерге көлік басқармау керектігін, кешкі сағат 11^{00}-ден кейін көшеде жүрмеу керектігін және зиянды заттардан аулақ болу керектігін, олардың зардабы туралы айтып өтті.
3.А.Т. Ахатова – ДТІЖО. «Тәрбие отбасынан басталады» тақырыпта баяндама жасады. Бала үшін бас ұстаз – ата –ана екенін ескерсек, жақсы ата-ана бола білу аса жауапты іс.Ағаш тамырымен, адам ұрпағымен

Бала табиғатын тану, оны түсіну, жонімен еркелету, шынайы қарым-қатынас құру, оның бойындағы бар ерекшеліктерді көре білін, қабілетін дамыту, бағдарлау, ынталандыру – ұрпағының ертеңі үшін алаңдайтын парасатты ата-ананың игілікті әрекеті. Өміріміздің ең мәнді өзегі - тұлғалық тұрғыда толық қалыптасқан парасатты перзент тәрбиелеу.

«Балаға жаның ашыса, оны аяма» дегеннің мәні беталды қаталдық емес, ата-ана тарапынан белгілі бір талаптың қойылуы деп ұққан жөн

Жиын барысында ата-аналарға өзекті сұрақтар қойып, ұтымды жауаптар алды. Түрлі тәрбиелік мағынасы бар ойындарға ата-аналарды тартып, керемет көңіл-күй сыйлады.

4. З.Ф. Жумабаева – педагог-психолог. «ҰБТ-ға бала психологиясын қалай дайындау керек» тақырыбында баяндама оқып, өзінің жеке пікірі бойынша да ашық айтып ортаға салды. «Балам, сенің жақсы балл алуың керек. Мынаның баласынан, ананың баласынан озып кет», «Туысқандардан ұят болады. 11 жыл бойы не оқыды екен дейді ғой» сияқты сөздер баланың миына салмақ түсіреді. Оның орнына, сынақ жақындағанда баламен бетпе-бет сөйлесіп, қандай нәтиже болса да, оны қолдайтынын, бәрі жақсы болатынын, оны жақсы көретінін айтып, түсіндірген жөн. ҰБТ — білімді тексеруші құрал ғана. Балаға ата-ананың қолдауы болмаса, білім дәрежесі маңызды емес. Кей үздік оқитын оқушының өзі күйзеліс кезінде бар білгенінен айырылуы мүмкін. Сондықтан жақындарының сенімі оған күш беріп, тестен басқаны ойламауға мүмкіндік береді деп өз кеңестерімен бөлісті. Сонымен қатар интерактивті тақтаға әсерлі бейнеролик қойып ата-аналарға ой салды.

5. Э.Кулиева- ДОЖЖО. Жиын барысында сөз сөйлеп, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін бәріміз бірлесе отырып жұмыс жасауға шақырды. Әрбір адам алдымен өзін тәрбиелеу керек деді. Өмірге әкелген әрбір перзенті үшін ата-ана үлкен жауапкершілікпен қарау керек. Бала болашағымыз, баланың болашағын алаңдасаңыз бүгіннен, осы сәттен бастап оның тәрбиесіне көптеп көңіл бөліңіздер деді.

Оқушылардың тапсырған тест сынақтары бойынша ата-аналарға көрсетті. Төмен балл жинаған оқушылардың ата-аналарына жеке-жеке тоқталып, балаларының біліміне ден қою керектігін, олардың болашағы үшін дер кезінде көңіл бөліп, білім алуларына жол жасауларын айтты.

Қаулы етеді:

1. Отбасы мен мектеп арасындағы тығыз байланыс күшейсін
2. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол жоқ акциясы ұйымдастырылсын.
3. "ҰБТ ға байланысты ата-аналарға және оқушыларға психологиялық қолдау көрсету жұмыстары жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы: Л.Ө.Құлмаханбет

Хатшы: Г.Т.Ахатова

«Шардара» мектеп-лицейінде
«Ата-аналарға тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы заңнамаларға түсіндірме беру жұмыстары» тақырыбында
ата-аналармен өткізілген жиналыстың
Хаттамасы №4

Шардара қаласы **13.03.2026ж**
Қатысқандар саны- 192
Қатысқандар:
«Шардара» мектеп-лицейінің директоры-Л.Ө.Құлмаханбет
Шардара АПБ ҚҚБ КТІЖ УПИ полиция капитаны – Г.Сабден;
«Шардара» мектеп-лицейінің жалпы ата-аналар кеңесі төрағасы- С.Лаханов
ДОЖЖО- Э.Кулиева
ДТЖЖО – Г.Т.Ахатова;
Педагог-психолог- Ф.З.Жумабаева
Сынып жетекшілер, ата-аналар.

Күн тәртібінде:

1. Ата-аналарға тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы заңнамаларға түсіндірме беру. Баяндамашы: АПБ ҚҚБ КТІЖ УПИ полиция капитаны – Г.Сабден;
2. «Тәрбие отбасынан басталады» Баяндамашы: ДТЖЖО; Г.Ахатова
3. «ҰБТ-ға бала психологиясын қалай дайындау керек». Баяндамашы: педагог-психолог; Ф.Жумабаева
4. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Л.Ө.Құлмаханбет –мектеп-лицей директоры. «Адамгершілікке тәрбиелеу құралы-еңбек пен ата-ана үлгісі» -деп, жиынды ашып беріп өз сөзінде балаларымыздың құқықтарын қорғау мәселесі қашан да өзекті , сондықтан да бала үшін бас ұстаз ата-ана, жақсы ата-ана бола білу аса жауапты іс! «Адам ұрпағымен мың жасайды» демекші, адамға нағыз бақытты – тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады, олай болса адам өмірінің мәні – өз ұрпағы яғни, баланы бірлесе отырып тәрбиелеуге шақырды.
2. Г.Сабден - АПБ ҚҚБ КТІЖ УПИ полиция капитаны . Ата-аналарға тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы заңнамаларға түсіндірме беріп өтті. Сонымен қатар қауіпсіздік ережелерімен таныстырып өтті. Балаларыңыздың өмір қауіпсіздігін сақтау сіздердің міндеттеріңіз деді. Балаларыңызды күндізде, түнде де назардан тыс қалдырмауларын айтты. Балаңызға тәрбиені өз уақытында бермесеңіз, соңы өкінішке әкелетіндігін айтты. Айтылған қауіпсіздік ережелін сақтап, оны балаларыңызға үй жағдайында айтып, орындауын қадағалап отырыңыздар деді.
Кәмелетке толмаған жасөспірімдерге көлік басқармау керектігін, кешкі сағат 11^{00}-ден кейін көшеде жүрмеу керектігін және зиянды заттардан аулақ болу керектігін, олардың зардабы туралы айтып өтті.
3. А.Т. Ахатова – ДТІЖО. «Тәрбие отбасынан басталады» тақырыпта баяндама жасады. Бала үшін бас ұстаз – ата –ана екенін ескерсек, жақсы ата-ана бола білу аса жауапты іс.Ағаш тамырымен, адам ұрпағымен

Бала табиғатын тану, оны түсіну, жонімен еркелету, шынайы қарым-қатынас құру, оның бойындағы бар ерекшеліктерді көре білін, кабілетін дамыту, бағдарлау, ынталандыру – ұрпағының ертеңі үшін алаңдайтын парасатты ата-ананың игілікті әрекеті. Өміріміздің ең мәнді өзегі - тұлғалық тұрғыда толық қалыптасқан парасатты перзент тәрбиелеу.

«Балаға жаның ашыса, оны аяма» дегеннің мәні беталды қаталдық емес, ата-ана тарапынан белгілі бір талаптың қойылуы деп ұққан жон

Жиын барысында ата-аналарға өзекті сұрақтар қойып, ұтымды жауаптар алды. Түрлі тәрбиелік мағынасы бар ойындарға ата-аналарды тартып, керемет көңіл-күй сыйлады.

4. З.Ф. Жумабаева – педагог-психолог. «ҰБТ-ға бала психологиясын қалай дайындау керек» тақырыбында баяндама оқып, өзінің жеке пікірі бойынша да ашық айтып ортаға салды. «Балам, сенің жақсы балл алуың керек. Мынаның баласынан, ананың баласынан озып кет», «Туысқандардан ұят болады. 11 жыл бойы не оқыды екен дейді ғой» сияқты сөздер баланың миына салмақ түсіреді. Оның орнына, сынақ жақындағанда баламен бетпе-бет сөйлесіп, қандай нәтиже болса да, оны қолдайтынын, бәрі жақсы болатынын, оны жақсы көретінін айтып, түсіндірген жөн. ҰБТ — білімді тексеруші құрал ғана. Балаға ата-ананың қолдауы болмаса, білім дәрежесі маңызды емес. Кей үздік оқитын оқушының өзі күйзеліс кезінде бар білгенінен айырылуы мүмкін. Сондықтан жақындарының сенімі оған күш беріп, тестен басқаны ойламауға мүмкіндік береді деп өз кеңестерімен бөлісті. Сонымен қатар интерактивті тақтаға әсерлі бейнеролик қойып ата-аналарға ой салды.

5. Э.Кулиева- ДОЖЖО. Жиын барысында сөз сөйлеп, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін бәріміз бірлесе отырып жұмыс жасауға шақырды. Әрбір адам алдымен өзін тәрбиелеу керек деді. Өмірге әкелген әрбір перзенті үшін ата-ана үлкен жауапкершілікпен қарау керек. Бала болашағымыз, баланың болашағын алаңдасаңыз бүгіннен, осы сәттен бастап оның тәрбиесіне көптеп көңіл бөліңіздер деді.

Оқушылардың тапсырған тест сынақтары бойынша ата-аналарға көрсетті. Төмен балл жинаған оқушылардың ата-аналарына жеке-жеке тоқталып, балаларының біліміне ден қою керектігін, олардың болашағы үшін дер кезінде көңіл бөліп, білім алуларына жол жасауларын айтты.

Қаулы етеді:

1. Отбасы мен мектеп арасындағы тығыз байланыс күшейсін
2. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол жоқ акциясы ұйымдастырылсын.
3. "ҰБТ ға байланысты ата-аналарға және оқушыларға психологиялық қолдау көрсету жұмыстары жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы: Л.Ө.Құлмаханбет

Хатшы: Г.Т.Ахатова

«Шардара» мектеп-лицейінде
1 маусым балаларды қорғау күніне арналған
«АДАЛ АТА-АНА – ҚАУІПСІЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» бірыңғай
ата-аналармен өткізілген жиналыс
Хаттамасы № 5

Шардара қаласы **13.05.2026ж**
Қатысқандар саны- 204
Қатысқандар:
«Шардара» мектеп-лицейінің директоры - Л.Ө. Құлмаханбет
АББ әдіскері – Л. Ошанова
Шардара АПБ ҚҚБ КТІЖ УПИ полиция капитаны – Г. Сабден;
«Шардара» мектеп-лицейінің жалпы ата-аналар кеңесі төрағасы- С. Лаханов
Еңбек ардагері, Ардагер ұстаз – Қ. Илесов
ДТЖЖО – А.Есенбаева;
Педагог-психолог- А. Арын
1-4 бастуыш сынып жетекшілері, 1-4 бастауыш сынып ата-аналары.

Күн тәртібінде:

1. «Бала – басты құндылық».
2. «Қамқорлық пен бақылау».
3. Тәрбие – күнделікті әрекет.
4. Қауіпсіз балалық шақ: басты бағыттар.
5. Ата-аналарға үндеу.

Тыңдалды:

1. **Л.Ө. Құлмаханбетқызы** – мектеп-лицей директоры. Түркістан облыстық білім басқармасының 2026 жылғы 8 мамырдағы №25/3035 хатына сәйкес 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнін мерекелеу аясында балаларға ең үлкен тарту ретінде олардың қауіпсіздігіне кепіл болатын «Адал ата-ана – Қауіпсіз балалық шақ» өңірлік тұжырымдамасымен таныстырып өтті. Балаларды қорғау –тек мерекелік шара өткізу емес, олардың өмірін сақтау, қатерден қорғау және қауіпсіз орта қалыптастыру болып табылады деді. Бала тәрбиесі баршамызға ортақ дей келе, мектеп пен ата-ана бірлескенде тәрбиелі ұрпақтарымыз болары анық деді. Балаңыз қауіпсіз ортада қалыптасып өсуі үшін, ата-алдымен отбасындағы қауіпсіздікке жол бермеуі керек деді.
2. **Еңбек ардагері, ардагер ұстаз, немерелердің атасы – Қ. Илесов** сөз сөйлеп, бала тәрбиесі – ұлт болашағы екенін атап өтті. Өзінің ұзақ жылғы ұстаздық тәжірибесімен бөлісе отырып, тәрбиенің негізі отбасыдан басталатынын айтты. «Тәртіпті де тәрбиелі бала – ата-ананың айнасы» дей келе, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, адалдық пен адамгершілік қасиеттерді бала бойына сіңіру әрбір ата-ананың міндеті екенін жеткізді. Сонымен қатар, балалардың қауіпсіздігіне бейжай

қарамауға, әсіресе жазғы демалыс кезінде балаларды қараусыз қалдырмауға шақырды. Ұлттық тәрбие мен отбасылық құндылықтарды дәріптеу арқылы саналы ұрпақ тәрбиелеуге болатынын атап өтті. Ең соңында керемет бата беріп кетті.

3. **А.П. Есенбаева – ДТЖЖО.** «Құрметті ата-аналар! 1 маусым – Балаларды қорғау күні қарсаңында ұйымдастырылған «Адал ата-ана – Қауіпсіз балалық шақ» жиналысына қош келдіңіздер!» 1-4 сынып оқушылары. Бұл жаста бала қауіп-қатерді толық бағалай алмайды. Сондықтан оның қауіпсіздігі – толықтай ата-ананың жауапкершілігінде. Жазғы демалыс — балалардың асыға күтетін көңілді мезгілі. Демалыс кезінде әр бала қауіпсіздік ережелерін сақтауы керек. Көшеде ойнағанда абай болып, жолдан тек үлкендердің көмегімен немесе бағдаршамға қарап өту қажет. Өзен-көлге жалғыз баруға болмайды. Суға шомылғанда үлкендердің қасында болған дұрыс. Бейтаныс адамдармен сөйлесіп, олардан ештеңе алуға болмайды. Күн ыстық кезде бас киім киіп, көбірек су ішкен пайдалы. Үйден шығарда ата-анаға ескертіп жүру керек. Қауіпсіздік ережесін сақтаған бала әрқашан аман-есен, көңілді демалады деді. Слайд арқылы қауіпсіздік ережелерін көрсете отырып, таныстырды. Қауіпсіз балалық шақ: басты бағыттар:

1. Көше қауіпсіздігі
2. Жолдан өту ережесі
3. Бейтаныс адамдармен сөйлеспеу
4. Үлкендердің қарауынсыз көшеде жүрмеу
5. Судағы қауіпсіздік (өте маңызды)
6. Үлкендерсіз суға түспеу
7. Белгіленбеген жерде шомылмау
8. Қараусыз қалдырмау
9. Үйдегі қауіпсіздік
10. Газ, электр құралдарын ұстамау
11. Терезеден қарамау, ашпау
12. Қауіпті заттарды қолжетімсіз жерде сақтау
13. Интернет қауіпсіздігі
14. Телефонды шектеулі уақыт пайдалану
15. Бейтаныс адамдармен онлайн сөйлеспеу
16. Ата-ана бақылауын орнату туралы айтып, шолу жасап кетті.

Бұл жаста балалар еліктегіш келеді. Үлкендердің әрекетін қайталайды. Сондықтан: өз мінез-құлқыңызбен үлгі болыңыз, қарапайым ережелерді бірге қайталаңыз, жақсы әрекетін міндетті түрде мадақтаңыз деп, ақыл-кеңесін айтып кетті. Ата-аналарға 5 алтын ереже:

Бақылау: Балаңыздың қайда және кіммен жүргенін әрдайым біліңіз.
Қайталау: Қауіпсіздік ережелерін жалықпай күн сайын еске салып отырыңыз.
Қорғау: Баланы бейтаныс ортада немесе көшеде жалғыз қалдырмаңыз.
Шектеу: Гаджеттер мен интернетті пайдалану уақытын қадағалап, «ата-ана бақылауы» бағдарламасын орнатыңыз.
Сенім: Баламен жылы қарым-қатынаста болыңыз, ол кез келген мәселесін сізге ашық айта алатындай болсын.

Құрметті ата-аналар! Бастауыш сыныптағы бала – ерекше қамқорлықты қажет ететін кезең. Оның қауіпсіздігі мен тәрбиесі – біздің ортақ міндетіміз. Әр бала бақытты әрі қауіпсіз балалық шаққа лайық.

4. **Педагог-психолог – А. Арын** сөз алып, бастауыш сынып оқушыларының психологиялық қауіпсіздігі туралы кеңінен тоқталды. Баланың қауіпсіз ортада өсуі үшін ата-ананың мейірімі, түсіністігі мен күнделікті қолдауы аса маңызды екенін айтты. Әсіресе, қазіргі таңда балалардың телефон мен интернетке тәуелділігі артып отырғанын, сондықтан ата-аналар тарапынан бақылау мен шектеу қажет екенін ескертті. Баламен күн сайын сөйлесіп, оның ішкі жан дүниесіне көңіл бөлу, жетістігін мадақтап, қателігін сабырмен түсіндіру – бала тәрбиесіндегі маңызды қадамдардың бірі екенін жеткізді. Сонымен қатар, жаз мезгілінде балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оларды түрлі үйірмелер мен спорттық шараларға қатыстырудың маңыздылығына тоқталды.

Қаулы:

1. «Адал ата-ана – Қауіпсіз балалық шақ» тақырыбындағы бірыңғай ата-аналар жиналысының мазмұны ата-аналарға түсіндірілсін.
2. Жазғы демалыс кезінде оқушылардың қауіпсіздігі ата-аналардың тұрақты бақылауында болсын.
3. Ата-аналарға балалардың жолда жүру, судағы, тұрмыстағы қауіпсіздік ережелерін күнделікті ескертіп отыру тапсырылсын.
4. Сынып жетекшілері тарапынан қауіпсіздік ережелері бойынша түсіндірме жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
5. Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша ата-аналармен бірлескен жұмыстар жалғастырылсын.

Жиналыс төрайымы: _____ Л.Ө. Құлмаханбет

Хатшы: _____ А.Есенбаева

«Шардара» мектеп-лицейінде
1 маусым балаларды қорғау күніне арналған
«АДАЛ АТА-АНА – ЖАУАПТЫ ЖАСӨСПІРІМ» бірыңғай
ата-аналармен өткізілген жиналыс 5
Хаттамасы №

Шардара қаласы **13.05.2026ж**
Қатысқандар саны- 119
Қатысқандар:
«Шардара» мектеп-лицейінің директоры-Л.Ө.Құлмаханбет
Шардара АПБ ҚҚБ КТІЖ УПИ полиция капитаны – Г.Сабден;
«Шардара» мектеп-лицейінің жалпы ата-аналар кеңесі төрағасы- С.Лаханов
ДТЖЖО – Г.Т.Ахатова;
Педагог-психолог- Ф.З.Жумабаева
Сынып жетекшілер, 9-11 сынып ата-аналары.

Күн тәртібінде:

1. Түлектердің емтихан алдындағы стрессін басқару және ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету әдістерін түсіндіру жұмыстарын алдын ала жұмыстары

2. Түлектердің құқықтық жауапкершілігін, түнгі уақыттағы шектеулерді (сағат 23:00-ден кейін) және отбасының әлеуметтік жағдайын ескере отырып, орынсыз шығындардың алдын алу жұмыстары туралы.

3. Құқықтық жауапкершілік және Қауіпсіздік туралы.

Тыңдалды:

1. **Л.Ө.Құлмаханбет-мектеп-лицей директоры.** Жиналыстың басты мақсаты оқу жылының аяқталуы кезінде түлектердің қауіпсіздігі мен психологиялық саулығын қамтамасыз ету, мектеп пен ата-ана арасындағы серіктестікті нығайту екендігін айтты.

Түркістан облыстық білім басқармасының 2026 жылғы 8 мамырдағы №25/3035 хатына сәйкес 1 маусым –Халықаралық балаларды қорғау күнін мерекелеу аясында балаларға ең үлкен тарту ретінде олардың қауіпсіздігіне кепіл боатын «Адал ата-ана –Қауіпсіз балалық шақ» өңірлік тұжырымдамасымен таныстырып өтті.
Балаларды қорғау –тек мерекелік шара өткізу емес, олардың өмірін сақтау, қатерден қорғау және қауіпсіз орта қалыптастыру болып табылады деді.
Бала тәрбиесі баршамызға ортақ дей келе, мектеп пен ата-ана бірлескенде тәрбиелі ұрпақтарымыз болары анық деді. Баланың қауіпсіз ортада қалыптасып өсуі үшін, ата-алдымен отбасындағы қауіпсіздікке жол бермеуі керек деді.

2. **Қ.Інайұлы – Шардара аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы.** Бала өмірінің қауіпсіздігі үшін жасалынып жатқан ата-аналар жиналысының бағыты дұрыс екендігін айтты. Қазіргі таңда балалардың тәрбиесі өте қиын жағдайда тұрағындығын айты. Ұлы телефонды шектен тыс пайдаланудың зияны мол екендігін айтты. Балаларды еңбекке баулып өсірген дұрыс, буыны қатайып, әрбір заттың құнын, бағасын білетін болады деді. Осындай жиналыстарға қатысып отырғанымыз дұрыс деді. Бала мектепте білімді де, тәрбиені де катар алады. Сондықтан балаларымызды мектеп ережесіне сай жүргізуіміз керек. Сабақтан себепсіз қалдырмауымыз керек, мектептен балалардың үйренері мол деді. Жиналыс соңында келген ата-аналар мен мұғалімдерге алғысын айтып, ақ батасын берді.

3. **Г.Т. Ахатова –ДТЖЖО.** Түнгі уақыт: Сағат 23:00-ден кейін кәмелетке толмағандардың ересектерсіз көшеде жүруіне заңмен тыйым салынатындығы(ҚР ӘҚБтК 442-бабы) туралы айтып өтті. Қоғамдық тәртіп бойынша яғни мерекелік шаралар кезінде спирттік ішімдіктер мен тыйым салынған заттарды қолданудың, теріс әдеттердің алдын алу бойынша да тоқталып өтті.

Қауіпті орындар жайында толық айтты. Судағы қауіпсіздік бойынша, шомылуға тыйым салынатын жерлерге шомылуға болмайтындығын және ата-аналарынсыз барып шомылмау керектігін айтты.Жолда жүргенде жол қауіпсіздігін сақтау керкетігін және интернеттегі кибербуллинг мәселелерін қадағалау керектігін айтып өтті.

Ата-ана – ақылшы-кеңесші: Жоғары сынып оқушысы – бала мен ересектің арасындағы өтпелі кезеңдегі тұлға. Сондықтан ата-ана бақылаушыдан гөрі, қауіпсіздік және болашақ мамандық бойынша кеңесші болуы тиіс деді.

4. **Ф.Жумабаева –педагог-психолог. «Қолдау формуласы»** бойынша **«Тыңдай білу»** тренинг өтті. Ата-аналарға тапсырма: Баланың сөзін бөлмей тыңдау, оның емтихан алдындағы уайымына баға бермей қабылдау. Психологиялық қолдау көрсетулерін «Сен міндеттісің» деген бұйрықтан гөрі, «Саған қалай көмектесе аламын?» деген қолдау тәсілін қолдану. Бұл стрессті азайтуға және сенімді қарым-қатынас орнатуға көмектеседі деді. Балаңызды қатаң бақылаудан гөрі, дұрыс бағытка бағыттаңыз. Арада сенімді қарым-қатынас орнатыңыз. Орынсыз шығындардан бас тартып, қаражатты баланың біліміне жұмсаңыз. Қауіпсіздік пен заң талаптары туралы ашық сөйлесіңіз. Қиын жағдайда баға бермей, қолдау көрсетіңіз деді.
Серіктестік формуласы бойынша тоқталып өтті.
Белсенді тыңдау: Баланың сөзін бөлмей. оның уайымын соңына дейін тыңдаңыз.
Сынсыз қабылдау: Оның сезімдерін. тіпті олар сізге қисынсыз болып көрінсе де, баға бермей қабылдаңыз.
Сұралған кеңес: Ақыл-кеңесті тек бала өзі көмек сұрағанда ғана беріңіз. Бұл оның жауапкершілікті өз мойнына алуына көмектеседі деді.

5. **Л.Ө.Құлмаханбет-мектеп-лицей директоры.** 9-11 сынып ата-аналарына арналған қауіпсіздік және заңдылық жалынамасымен таныстырып өтті.
Жадынаманың мақсаты түлектердің мектеп қабырғасынан дербес өмірге қадам басу кезеңінде олардың құқықтық қауіпсіздігі мен психологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету. 9-11 сынып оқушылары — балалық пен ересектік арасындағы өтпелі кезеңдегі тұлғалар. Бұл уақытта жасөспірімнің автономияға ұмтылуы табиғи құбылыс. Сондықтан

ортақ мақсатымыз — жауапкершілікті сезінетін, өз эмоциясын реттей алатын саналы азамат тәрбиелеу.

Оқу жылының аяқталуы: Мектеп бітіру іс-шараларына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нұсқаулығына сәйкес, мектеп бітіру іс-шаралары тек білім беру мекемесінің аясында өткізілуі тиіс. Бұл шаралардың басты мақсаты — қауіпсіздікті сақтау және оқушылар арасындағы әлеуметтік алшақтықты болдырмау.

Келесі іс-әрекеттерге ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

- **Банкеттер мен мейрамхана шығындары:** Мейрамханаларда, дәмханаларда немесе жалдамалы пәтерлерде ойын-сауық кештерін ұйымдастыру;
- **Автокортеждер:** Қымбат көліктерді жалдап, көшелерде шеру ұйымдастыру (бұл жол қауіпсіздігіне тікелей қатер төндіреді);
- **Шектен тыс ысырапшылдық:** Салтанатты шаралар үшін тым қымбат киімдер мен аксессуарлар сатып алу.

Бұл шектеулер барлық оқушылар үшін **әлеуметтік теңдік** орнату және ата-аналарға түсетін психологиялық-қаржылық қысымды азайту үшін енгізілген.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және құқықтық жауапкершілік Білім беру саласындағы заңдылықты сақтау — әрбір ата-ананың азаматтық борышы. «Педагог мәртебесі туралы» Заңға және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес:

Назар аудару керек: Мұғалімдерге және мектеп әкімшілігіне кез келген түрдегі ақшалай жиындар мен бағалы сыйлықтар беруге заңмен тыйым салынған. Мұндай әрекеттер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы ретінде сараланып, ата-аналар үшін де. қабылдаушы тарап үшін де әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғатындығын атап айтып өтті.

Қаулы етеді:

1. Түлектердің емтихан алдындағы стрессін басқару және ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету әдістерін түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

2. Түлектердің құқықтық жауапкершілігін, түнгі уақыттағы шектеулерді (сағат 23:00-ден кейін) және отбасының әлеуметтік жағдайын ескере отырып, орынсыз шығындардың алдын алу түсінік жұмыстары жүйелі атқарылсын.

3. Құқықтық жауапкершілік және Қауіпсіздік туралы сынып сағаттары өткізілсін.

Жиналыс төрайымы: Л.Ө.Құлмаханбет

Хатшы: Г.Т.Ахатова

«Шардара» мектеп-лицейінде
1 маусым балаларды қорғау күніне арналған
«АДАЛ АТА-АНА – ҚАУІПСІЗ ЖАСӨСПІРІМ» бірыңғай
ата-аналармен өткізілген жиналыс
Хаттамасы № 6

Шардара қаласы **13.05.2026ж**
Қатысқандар саны- 187
Қатысқандар:
«Шардара» мектеп-лицейінің директоры-Л.Ө.Құлмаханбет
Шардара АПБ ҚҚБ КТІЖ УПИ полиция капитаны – Г.Сабден;
«Шардара» мектеп-лицейінің жалпы ата-аналар кеңесі төрағасы- С.Лаханов
ДТЖЖО – Г.Т.Ахатова;
Педагог-психолог- Ф.З.Жумабаева
Сынып жетекшілер, 5-8 сынып ата-аналары.

Күн тәртібінде:

1. «Бала емес, бірақ әлі ересек те емес…»
2. «Адалдық – бақылау емес, байланыс»
3. Қауіпсіздік: көрінбейтін қауіптер
4. Заң және жауапкершілік
5. Жасөспірімнің ішкі әлемі
6. Қауіпсіздік: Жаңа тәуекелдерді ескеру

Тыңдалды:

1. Л.Ө.Құлмаханбетқызы – мектеп-лицей директоры. Түркістан облыстық білім басқармасының 2026 жылғы 8 мамырдағы №25/3035 хатына сәйкес 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнін мерекелеу аясында балаларға ең үлкен тарту ретінде олардың қауіпсіздігіне кепіл боатын «Адал ата-ана –Қауіпсіз балалық шақ» өңірлік тұжырымдамасымен таныстырып өтті.

Балаларды қорғау –тек мерекелік шара өткізу емес, олардың өмірін сақтау, қатерден қорғау және қауіпсіз орта қалыптастыру болып табылады деді.

Бала тәрбиесі баршамызға ортақ дей келе, мектеп пен ата-ана бірлескенде тәрбиелі ұрпақтарымыз болары анық деді. Балаңыз қауіпсіз ортада қалыптасып өсуі үшін, ата-алдымен отбасындағы қауіпсіздікке жол бермеуі керек деді.

2.Г.Т.Ахатова- ДТТЖО. Құрметті ата-аналар 5-8 сыныптарға арналған жиналысымызға қош келдіңіздер!

Бүгін біз балалар туралы емес… жасөспірімдер туралы сөйлесеміз. Олар "кішкентай емеспін" дейді, бірақ кейде әлі де қолдауды қажет етеді. Сол үшін бүгінгі тақырып – «Адал ата-ана – Қауіпсіз жасөспірім» деп аталып отыр. Жиналыс барысында ата-аналарға түрлі сұрақтар қойды. Ата –аналар өз деңгейлерінде жауап беріп, жиналыс еркін, ашық өтті.

Сұрақтар:

«Соңғы рет балаңызбен шынайы әңгіме қашан болды?»

« Балаңыз сізден қорқа ма, әлде сенім арта ма?»

«Ол өз мәселесін бірінші сізге айта ма?»

«Балаңыз түнде телефон ұстап отыр.

Сіз не істейсіз?»

3.А.Динасилова –ата-ана. Бірінші қойылған сұраққа жауап берді. Баламмен күнделікті ашық әңгіме жасаймын. Қандай жағдай болса да, ең алдымен менімен сырласады. Әкесі баласы қол көтермейді, ақылмен айтып отырады. Екінші тарап ммектептен сіздердің де тәрбиеде берер үлестеріңіз мол. Сондықтан балаларымда әзірше ойландыратын қауіп жоқ деді.

4. Омаров .Б.- ата-ана. Екінші сұраққа жауап берді. Баламды қорқыту, үркітуден гөрі сенім білдірген дұрыс. Ұлыммен ашық сөйлесемін, білмегенін сұраудан қымсынбауын айтамын. Сендер анаң екеуміздің мақтанышымызсыңдар деп үнемі қолдау білдіріп отырамын деді.

5.Ф.Жумабаева- педагог-психолог. Жасөспірімде болатын өзгерістер туралы тоқталып өтті.

- эмоционалдық тұрақсыздық
- өз-өзіне сенімсіздік
- қарсылық көрсету

Бала неге үндемейді?

- түсінбеуден қорқады
- жазаланады деп ойлайды

Ең маңыздысы:

- тыңдай білу
- сынамау
- салыстырмау

Қорытынды фраза:

«Балаға ақыл айту емес, оны түсіну маңызды» дей келе, жан-жақты түсіндіріп, жолдарын ашып айтты. Интер активті тақтадан бейнероликтер көрсетті. Психологиялық қолдау жасау туралы айтты.

Стресс пен уайым: Болашаққа алаңдаушылық пен өз-өзіне сенімсіздік кезінде сыннан гөрі қолдау көрсетіңіз.

Тәсілді өзгерту: «Сен міндеттісің» деген бұйрықтың орнына «Саған қалай көмектесе аламын?» деген сұрақты жиі қойыңыз.

Қателесуге рұқсат: Балада қателесу мүмкіндігі болуы керек, бұл оның дербес өмірге дайындалуына көмектеседі.

7.Л.Ө.Құлмаханбет- мектеп-лицей директоры. Жиналысты қорытындылай келе, Қауіпсіздік: Жаңа тәуекелдерді ескеру туралы айтып өтті.

Әлеуметтік ортада жасөспірім шакта құрдастардың ықпалы артады. Теріс әдеттерден (темекі, алкоголь) сақтану үшін баламен сенімді байланыста болыңыз.

Интернет пен ақпарат: Кибербуллинг, жалған ақпарат және интернет-тәуелділіктің алдын алу үшін қауіпсіздік туралы ашық сөйлесіңіз.

Құқықтық жауапкершілік: Осы жастан бастап кейбір әрекеттер үшін заң алдында жеке жауапкершілік басталатынын түсіндіріңіз.

Жазғы кезеңді тиімді жоспарлау

Баланс: Жазғы демалыс кезінде еңбек пен демалыс балансын сақтаңыз.

Даму: Баланы жаңа дағдыларды үйрететін курстарға немесе жасына сәйкес жұмыс тәжірибесіне бағыттаңыз деді.

Қаулы етеді:

1. «Адал ата-ана-Қауіпсіз жасөспірім» тұжырымдамасы аясында өткізілетін ата-аналар жиналысы тұрақты өткізіліп, жүйелі атқарылсын.

2. Бала қауіпсіздігінің алдын алу жұмыстары бойынша сынып сағаттары өткізілсін.

Жиналыс төрайымы: Л.Ө.Құлмаханбет

Хатшы: Г.Т.Ахатова